

## ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУДАҒЫ КӨПНУСҚАЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Бірқатар ізденіс жұмыстарымыздың нәтижесінде зерттеу нысанымызға алынған Г.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясында қолданылған [1] ономастикалық атаулар ағылшын тіліндегі аудармасында [2] орысша жазылуына қарай жүйесіз транслитерацияланған, ал орыс тіліндегі аудармасында [3] ешқандай ережеге негізделмей, аудармашының «өз қалауынша» транскрипцияланған деген қорытындыға келдік. Мұндай тұжырымды нақтылау үшін транслитерация және транскрипция ұғымдары жөніндегі түсініктің аражігін ашып алу шарт. Транскрипция терминінің қолданыс шеңбері кең. Сондықтан біз тақырыпқа қатысты бір тілдің ономастикалық атауларын екінші бір тілдің графикасына өткізуде қолданылатын *практикалық транскрипция* мен *транслитерация* терминдерінің аражігін ашамыз.

*Практикалық транскрипция* термині алғаш рет 1935 жылы жарық көрген «Вопросы географии и картографии» атты кітапта жарияланған А.М.Сухотиннің «О передаче иностранных географических названий» деген мақаласында қолданылған [4, 518].

«Лингвистикалық-энциклопедиялық сөздікте» (бас ред. В.Н.Ярцева) *транслитерацияға* «(от лат. *trans* — через и *littera* — буква) — побуквенная передача текстов и отдельных слов, записанных с помощью одной графической системы, средствами другой графической системы. Базируясь на каком-либо алфавите, *транслитерация* допускает условное употребление букв, введение дополнительных знаков и диакритических знаков» деген, *практикалық транскрипцияға* «запись иноязычных слов средствами национального алфавита с учетом их произношения» деген анықтама береді. — «*Практическая транскрипция* основывается на правилах передачи графем или графических сочетаний одного языка графемами или графическими сочетаниями другого языка, причем в отличие от *транслитерации* эти правила должны учитывать то, как графемы и графические сочетания произносятся в каждом конкретном случае» [4, 518].

Ғұмырлық зерттеулерін тілден тілге аударылмайтын ономастикалық атаулардың графикасына арнаған ғалым А.В.Суперанская «Теоретические основы практической транскрипции» атты

енбегінде тақырыпқа қатысты терминдерге толық түсінік береді. Қазіргі қолданыстағы *транскрипция* не сөздердің айтылуына, не сөздердің жазылуына арналады. Сөздің айтылуына арналған транскрипция ғылыми және тіл үйрету мақсатына жұмсалады (Мәселен, ағылшын тілінің көп стандарттары үшін тіл үйрету мақсатында фонетикалық транскрипция — (BE) *Phonetic TM* шрифті қолданылып келеді. — Н.Р.). Олар ұлттық та (мыс. русская диалектологическая транскрипция), халықаралық та (мыс. транскрипция международной фонетической ассоциации) болуы мүмкін. Жалпы принциптерді біріктірген ғылыми фонетикалық транскрипция тіл үйретуде қолданылады. Сондай-ақ ғылыми мақсатта қолданылатын *фонематикалық транскрипция* сөздің фонемалық құрамын анықтауға жұмсалады. Ал шетел сөздерінің жазылуын нысанаға алған транскрипция практикалық мақсаттарда қолданылады. Жалпылай оларды екі типке бөлуге болады. Оның бірі — өзге тілдердегі географиялық атауларды, кісі аттары мен ата-тектерді карталар мен жалпы баспасөзде беру үшін қолданылатын *практикалық транскрипция*, екіншісі — ерекше графикалық нақтылықты қажет ететін жекелеген сөздер мен мәтіндер жазуында пайдаланылатын *транслитерация* [5, 14]. Осылайша, транслитерация жалпы транскрипцияның «қарамағында» қарастырылады.

А.В.Суперанская берген түсінік бойынша *практикалық транскрипция* баспасөз, ғылыми және көркем әдебиет, картография, библиография, жарнама сияқты т.б. жұмыстарда күнделікті практикалық қолданыста бір тілдің сөздерін екінші бір тілдің көдуілгі орфографиясымен беру тәсілі, ол өзге тілден енген сөздерді жеткізуші, алып келуші құрал ретінде сол тілдің сөздік қорының ұлғаюына үлес қосады. *Ретроспективті практикалық транскрипция* тіркелген жазылуы бойынша жалқы есімнің түпнұсқа тілінде немесе ортаңғы тілде (язык-посредник) жазылуы мен айтылуын қайта жандандыру үшін сөз этимологиясын іздеу мақсатында қолданылады [5, 3].

*Практикалық транскрипция* термині көптеген әдебиет көздерінде *аударма транскрипциясы* (переводческая транскрипция) деп те қолданылады. Бұған ағылшын тіліндегі *translational transcription* термині сәйкес келеді. З. Г. Прошина өзінің “Английский язык как посредник в коммуникации народов Восточной Азии и России (проблема

опосредованного перевода)” деген тақырыпта жазылған докторлық диссертациясында «Воспроизведение графической формы называется *транслитерацией*, а воспроизведение в языке-рецепторе звуковой формы исходного слова называется *практической (переводческой) транскрипцией* (Сухотин, 1935) или *трансфонацией (трансфонированием)* (Тимофеева, 1985). Последние два термина представляются более удачными, поскольку, с одной стороны, они имеют прозрачную внутреннюю форму (через звук) и противопоставлены понятию *транслитерации* (через букву), а с другой стороны, не обладают двусмысленностью, как термин *транскрипция*, используемый в двух смыслах: а) *фонетическая транскрипция*, то есть представление звучания слова посредством определенных символов, и б) *переводческая, или практическая транскрипция*, то есть представление звучания иноязычного слова буквами языка-рецептора» [6, 190] деп берілетін түсіндірмесі де терминдердің аражігін ашады.

*Практикалық транскрипция* беруші және қабылдаушы екі тіл арасындағы байланыс бола отыра, қабылдаушы тілдің әліпбиімен шектеледі, себебі сол әліпбиімен сол орфография негізінде жазылған сөз қабылдаушы тілде оқылуы керек. Ал *транслитерация* екі тіл арасындағы байланыс бола отыра; қабылдаушы тілдің әліпби жүйесімен шектелмейді. Әліпби жүйесінің мүмкіндіктері жетпеген уақытта мұнда жасанды үстеме белгілерге — дәйекшілерге, (диакритикалық белгілерге) жүгіну орын алады. Сол себепті, транслитерация — шартты код, оны жазудың белгілі бір ережелері — инструкциясы бекітілуі қажет. Ал оны қабылдаушы тілде арнайы түсіндірме (Notes on Transliteration) берілмеген жағдайда беруші тілді білмейтін кісіге оқу қиын. Себебі *транслитерацияның мақсаты — оқуды емес, дұрыс жазуды қамтамасыз ету*.

Жалпы аударылмайтын ономастикалық атауларды өзге тілдерде жазу тұрғысынан транскрипция мен транслитерация бір-біріне өте жақын туыстас ұғымдар болғанымен, олардың аражігін атқаратын функциясына қарай *практикалық транскрипция* мен *транслитерация* деп бөлу арқылы ашып алдық.

*Практикалық транскрипцияда таңбаланатын сөз графикалаушы тілдің әліпбиі мен орфографиясы негізінде ғана жазылатын болғандықтан, оның барысында (William-ның транскрипциясы Вил-*

лиям ба, Уиллиям ба? деген сияқты) бірлі-жарым сәйкессіздіктің орын алуы мүмкін. Транслитерацияда графикалаушы тілдің әліпбиі мен орфографиясының аясынан шығып кететін шартты таңбаларға жол берілетін болғандықтан (нақты инструкцияға сүйенбеген жағдайда), жазу барысында көпнұсқалықтың (бір сөзді бірнеше түрде жазудың) орын алуы заңдылық.

Бұл айырмашылықты нақтылып алған соң, енді “*The Nomads*” («көшпелілер» деген сөз) деп аталатын «Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасының ономастикалық атауларының бұдан бұрынғы жарияланған мақалаларымызда [7; 8; 9; 10] көрсетілгендей көп түрлі нұсқада графикалануына анализ жасау аса қиындық тудырмайды. Мемлекеттік тіл статусына ел Тәуелсіздігімен бірге көтерілген, тарихында ұзақ уақыт орыс тілінің ықпалында болып, қазір дамудың жаңа кезеңіне жол тартқан қазақ тілінің жалқы есімдерінің өзге тілдердегі әр түрлі шығармаларда әр түрлі нұсқада жазылып жүргендігін заңдылық деп қарауға болады делік. Транслитерациялаудың қабылданған инструкциясы болмаған жағдайда бір сөзді екі автордың екі түрлі, тіпті бір сөзді он автордың он түрлі жазатындығын да кешірімді делік. Бірақ бір есімнің бір шығарманың өзінде, яғни бір автордың қолымен он түрлі жазылуына себеп болатын факторлар қандай болуы мүмкін? “*The Nomads*”-да 2-3 түрлі емес, “оним” сөздің неше түрлі нұсқада графикаланатындығы қолданылу жиілігіне қарай өзгере береді. Сөз неғұрлым көп қолданылса, жазылу нұсқасы соғұрлым көп, неғұрлым аз қолданылса, соғұрлым аз. Бір рет кездесетін сөз ғана тұрақты бір нұсқада жазылады. Осындай кісі сенгісіз «тосын» жаңдайлардың да себептерін талдап көрейік.

“*The Nomads*”-дың қазақ есімдерін транслитерациялауда тұнып тұрған қатесінің басым көпшілігі **біріншіден**, аудармашының транскрипция мен транслитерация терминдерінің аражігіне мән бермегендігінен орын алып отыр. Орысшада екі түрлі нұсқасы тіркелген Жәнібектің:

Джанибек	[11-6.]
Джаныбек	[338-6.]

ағылшын нұсқасы 7 түрлі:

Khan Janybek	[136-6.]
Khan-Janybek	[137-6.]
Khan Dzhanibek	[165-6.]
Jani Beg	[257-6.]
Dzanibek-Batyr	[366-6.]
Dzhanybek-Batyr	[347-6.]
Az-Zhanibek	[433-6.]

Нұсқалардың ішінде *Khan Janybek*, *Khan-Janybek*, *Jani Beg* деген түрлері транскрипцияға жататын болса, *Khan Dzhanibek*, *Dzanibek-Batyr*, *Dzhanybek-Batyr*, *Az-Zhanibek* нұсқалары – транслитерацияға жатады.

Жошы есімінің жазылуына зер салайық:

Jutchi	[28-6.]
Szhuchi	[201-6.]
Szhuch	[201-6.]
Dzhuci	[397-6.]
Dzhuchi	[431-6.]
Juji	[460-6.]

Орысша берілуі – *Джучи*. Ағылшын тілінде бірінші және соңғы *Jutchi*, *Juji* деп графикаланған нұсқаларында аудармашы *Джучи*-ді транскрипциялауға талпынған. Ал қалған төрт жағдайда – *Szhuchi*, *Szhuch*, *Dzhuci*, *Dzhuchi* деп жазуда транслитерациялауға талпынады. Жазу кескініне қарап, «талпынған» деп айтып отырған біз, негізінде транскрипция мен транслитерацияны жазған кісі айырмайды. Мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

**Екінші басты себеп** орыс тілі арқылы аударылу салдарынан. Қазақшадан орысшаға транскрипциялаудың аударма жасалынған уақытта 1959 жылғы (географиялық атаулар үшін) қабылданған ережесі бола тұра, бірізділік сақталмай, бұрмаланып жазылған атаулар ағылшын тіліне одан бетер бұрмаланып өткен (Өрескел бұрмаланған есімдердің мысалдарын көрсетілген [7; 8; 9; 10] әдебиет көздерінен қарауға болады). Жалқы есімдердің ағылшыншада бұрмалануын орыс тіліндегі «окончаниелердің» де еріп, қалмай жүргені еселей түседі:

Sary-Arka	[10-6.]
Sary-Ark	[20-6.]
Sary-Arki	[207-6.]
Sary-ark	[233-6.]
Sary-Arke	[338-6.]

Ал *-ский* «окончаниесінің» жиі кездесетіндігін бір ғана 558-беттегі Karkaralinsky, Ayaguzsky, Kokpektinsky топонимдерінен көруге болады.

Тағы бір мысал келтірсек, *Жетісуді* орыс тілінде бірде аударып, бірде аудармай, бірде қосалқы түсіндірме арқылы береді:

Семиречье	[12-6.]
Семиречье-Джетысу	[196-6.]
Жетысу-Семиречье	[402-6.]

ағылшын тілінде орысшаны қайталайды:

Semirechye (The Land of Seven Rivers)	[11-6.]
Semirechiye – Dzhenysu	[209-6.]
Semirechie	[354-6.]
Zhetysu	[431-6.]

Аударма тәжірибесінде мұндай атаулар аударылмайды. Ал қосалқы түсіндірмеге келсек, алдымен қазақшасы (транскрипциясы, не болмаса транслитерациясы) беріліп, соң түсіндірмесі берілу керек болатын: *Zhetisu, the Land of Seven Rivers*. Атаулар құрамында *жаңа, ескі, ақ, қара* сияқты аударылу “құқығы” бар анықтауыштар болады.

«Кочевники» алғаш 1968 жылы жарық көрген, ал одан кейінгі жылдарғы қайта шығаруларда жалқы есімдердің жазылуы 1971 жылы (1959 жылғы ережеге толықтырулар енгізіліп қайта) шыққан «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» ережелеріне сай түзетілуге тиіс болатын. Аудармалардың бүгінгі күнге дейін орысшасы да, ағылшыншасы да түзетілу енгізілместен дүркін-дүркін жарыққа шығарылып жатқаны өкінішті.

Онсыз да, жалқы есімдер шамадан тыс көп кездесетін шығармада бірнеше нұсқада транслитерацияланған атауларды мәселен, *Khan Abulkhair* мен *Abu'l-Khayr Khan* деген сөздерді бір кісінің есімі деп түсіну мүмкін бе? *Lame Timur* [30-б.], *the Iron Lame* [29-б.], *Timur the Lame* [27-б.], *Timour Tamerlane* [535-б.] деген сөздердің бәрін бір *Ақсақ Темір* деп қабылдау да оңай емес. Мынадай *Bogembay* [274-б.], *Bogembai* [335-б.] немесе *Khezret-Ali* [140-б.], *Khazret-Ali* [104-б.] сияқты есімдерді бір есім деп қабылдауға болатын да сияқты, дегенмен алдыңғысы Бөгембай болғанымен, соңғысының түпнұсқада *Faziret Fali* [139-б.] екенін ұғу мүмкін емес. Оған бұл есімнің алдымен орыс тілінде *Хезрет-Али* деп берілуі себеп болып отыр.

**Үшінші басты себеп** — транслитерациялау ережесінің болмауы. Тығырықтан шығудың жолын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ««Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасы қандай?» деп аталатын мақаламызда көрсеткен болатынбыз: “...Мұндайда аударманы бастамай тұрып, түпнұсқа тілінен аударылатын тілге жалқы есімдерді өткізу үшін транслитерациялау ережесін (егер де бар болса) тауып алуға дағдылануымыз керек. ... Ал қабылданған ереже болмаған жағдайда аудармашы транслитерациялаудың өз нұсқасын кітабының алғашқы бетінде ұсынып, атауларды сол жүйемен жазып шықса дейміз. Бұл «ереже» бүкіл транслитерация мәселесін шешіп тастамаса да, ала-ғұлалықтан, бұрмаланудан сақтап, өз еңбегінің өміршеңдігін қамтамасыз еткен болар еді” [7, 12]. Ал бүгінгі таңда әлемнің жетекші тілдерінде қазақ ономастикалық атауларын транслитерациялау ережелерінің болмауының өзі — тез

арада қолға алынып, іске қосылмаса, кешігуді кешірмейтін қателік.

**Төртінші себеп** — графикалық интерференцияның өсері бар. Шет тілдерін үйрену үдерісінде фонетикалық, лексикалық, графикалық сияқты интерференцияның белгілі бір дәрежеге дейін әр үйренушіге тән болатыны табиғи құбылыс. Бұл интерференцияның (лексикалықтан басқалары) тіпті тілді толық меңгеріп кеткенде де кедергісін тигізіп отыратын болуы мүмкін. Мәселен, тілді меңгерген адамның тіліндегі “акценттің” болуы фонетикалық интерференцияның сақталуының айғағы болса, адамның үйренген шетел тілінде жазу барысында өз тілінің графикалық элементтерінің еріктен тыс араласып, кедергі келтіруі графикалық интерференцияның дәлелі. Мысалы:

Byzantium	[38-б.]
Ulytau Mountains	[51-б.]
Ulytau Mountains	[207-б.]
Daylet-bai	[432-б.]
Nyraly	[435-б.]

**Бесінші себеп** — түпнұсқа мәтінде кейбір бір нұсқада жазылмаған атаулар орыс және ағылшын тіліндегі графиканың өркелкілігіне жол берген. Мұндай атаулар жиі ұшыраспа да, мынадай мысалдар қарастырамыз.

Түпнұсқа мәтінін сараптай қарағанда кейбір атаулар шын мәнінде кейіпкердің өз тарапынан әр түрлі айтылуы мүмкін:

Хасен [150-б.]	Хасен [139-б.]	Khasan [149-б.]
Хасан [151-б.]	Khasen [150-б.]	

Осындағы *Хасен* атын Жаған: „*Хасан атекесін шақыртайын ба...*“ деп, *Хасан* деп атайды. Орысшада бұл «жөнделмеу» керек болатын (Ағылшын мәтінде аудармашы кейде түпнұсқаға да қарағандығын байқатады). Біздің айтпағымыз мұндай өркелкілік жөнінде емес, мәселенің тікелей орфографияға қатысты тұсы:

Бөленгі өзені [242-б.]	Булента [233-б.]	Bulenta [250-б.]
Бұланта [242-б.]	Буланта [233-б.]	Bulanta [250-б.]
Қарабура [74-б.]	Карабура [68-б.]	Karabura [74-б.]
Қара Бура [398-б.]	Кара-бура [374-б.]	Karah-Burah [398-б.]
Шыңғысхан [9-б.]	Чингисхан [10-б.]	Gengiz Khan [4-б.]
Шыңғыс хан [9-б.]	Чингиз [271-б.]	Gengizkhan [8-б.]
		Genghiz Khan [9-б.]
		Genghizkhan [137-б.]
		Genghiz-khan [190-б.]
		Chingiskhan [193-б.]
		Genghis Khan [280-б.]
		Jenghiz-Khan [287-б.]
		Chinghiz [294-б.]
		Genghiz-Khan [367-б.]
		Geghiz-Khan [369-б.]

**Алтыншы себеп** ретінде мәтін терудегі ұқыпсыздық салдарынан орын алған экстралингвистикалық фактор қарастырылады.

Bekbolat-Bei [342-б.]

Khodzhi Akhmed Yassav [196-б.]

Zholoman-Batyr [407-б.]

Kaip-Kahn [192-б.]

Бұл себептің мысалдарында сан жоқ. Мұндай салғырттыққа тек мәтін теруші емес, бір есімнің өзін сан-қилы нұсқада жазып отырған аудармашының өзі де жол беруі әбден мүмкін және бүгінде негізінен авторлардың өздері – теруші (*қолжазба* деп компьютерде терілген жазбаны айтып жүрміз). Егер мәтінді аудармашы термеген болса мұны дұрысында, бірлескен немқұрайлық нәтижесі деп бағалаған ләзім.

Айта кетерлік бір жәйт, кейбір өзге де қазақ шығармаларының ағылшын тіліндегі аудармаларын сараптай қарағанда тіпті жақсы аударма санатына есеп аударманың өзінде қазақ есімдері әркелкі жазылып жүргенін анықтадық. Мұның бірқатар мысалдарын баспасөзде [8, 14-15], сондай-ақ “Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялаудағы жүйесіздік» атты мақаламызда жарияладық [9, 268–276]. Жоғарыда атап өткен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаламызда көркем шығарма аудармашыларына тіпті түсіністікпен қарау туралы оларды «ақтай» айтқан пікірімізді де жаздық: «Аударма құр қалам ұшымен бітетін іс емес. Аударма ісі – әртістің кейіпкер образына түсіп, қарқылдап күлуі мен еңкілдеп жылауымен бара-бар, өзге дүниені тарс ұмыттырып, сол шығармамен ғана «ауыртатын» ғаламат, құдіретті дүние (Ол дүниеге кіріп-шыға беру де оңай емес). Әртістің суретіне қарап отыратын күй емес» [7, 12]. Бірақ былайша түсіністікпен, кешіріммен қарауды тек қана өткен уақытпен бірге қалдырамыз (шарасыздықтан), бүгінгі бәсекелестік уақыт талаптары ешбір келеңсіздікті ақтай алмайды.

Атаулардың дұрыс жазылмауына қатысты айтылған мұндай себепті де аударма жұмыстарына әр түрлі деңгейдегі қажетті (лингвистикалық, лингвомәдени, психологиялық, т.б.) дайындықтардың жеткіліксіздігі деп бағалап, мұны да **жетінші себеп** ретінде экстралингвистикалық факторлардың бірі деп қарастыруға тиіспіз.

Немқұрайлықтан келген келеңсіздіктің күштілігі сонша, транскрипция мен транслитерацияға қатысы жоқ “қатардағы” сөздердің де бірсыпырасы өз орфографиялық нормаларына сай жазылмайды: childrenen [19-б.], wich [21-б.], troups [61,

79-бб.], bulding [104-б.], opportunity [124, 140-бб.], formen [146-б.], weddig [148-б.], masoleum [196, 197, 210, 226-бб.], thousnd [197-б.], cavaly [218-б.], descendents [218-б.], likt [219-б.], nightengale [221-б.], corretly [222-б.], somein [223-б.], Khan Samek’s (head) [233-б.], Her Mwjesty [297-б.], khan`a (throne) [421-б.], т.с.с. Цензураның күштілігінен Кеңестік дәуірде шыққан кітаптар қайта-қайта тексерілуден өтіп, нәтижесінде бірде-бір әріптік қатеге жол берілмейтін болатын. Мұндай қателердің де тым көп кездесетіндігі аландатады. Мұның бәрі мәтінді түсініксіз ету ме, әлде әлемге қазақтың кітап шығару «мәдениетін» көрсету ме? Әйтеуір бүтіндей бір ұлтқа әдейі жасалған көлеңкелі саясат демеске амал жоқ. Осыдан туындайтын болжам, қазақ «оним» сөздерінің орыс тіліндегі транскрипциясы (бұл себеп атаулардың орыс тіліндегі транскрипциясына да ортақ) мен ағылшын тіліндегі транслитерациясы нәтижесінде тілден тілге тым «айдау көрген» формада жеткізілуі **сегізінші себеп** ретінде экстралингвистикалық факторлардың тағы бірін құрайды.

Осы келтірілген себептердің тоғысуында аудармашы мен теруші тарапынан қосарланып келген жаңсақтық тағы мынадай ешкім күтпеген қате түріне жол береді. Қазақшада “*Екі көз бірін-бірі шұқымасқа Аллатағала* (кітапта бас әріппен жазылмаған – Н.Р.) *ортасына мұрынды жаратқан*” деп қазақ босқа айтпаған” [168-б.] дегенді орысшада “*Еще и еще раз повторяли в Белой Орде старую казахскую поговорку: “чтобы глаза не выклевали друг друга, Аллах воздвигнул между ними нос*” [155-б.] деп береді. *Поговорка* дегені ойландырады, өйтпесе, жап-жақсы берілген делік. Айтпағымыз, орысшадағы *казах* пен *казак* сөздерінің сыртқы графикалық ұқсастығынан ағылшын тілінде *Kazakh* пен *Cossack* этнонимдері де жаңылыстырылады екен: *An old Cassock proverb was repeated again and again in the White Horde: “So that the eyes didn’t peck each other, Alla put a nose between them*” [167-б.] болып берілген. Кері қарай қазақшалап, “*Екі көз бірін-бірі шұқымасын деп Аллатағала ортасына мұрынды қойған*” деген *казактардың* мақалы *Ақ Ордада әлсін-әлсін қайталанып тұрушы еді*” болып шығады. *Cassock* сөзінің астын сызып отырғанымыз, *қазақ* пен *казак* сөздерінің ауысып қолданылғаны тәрізді осы сөздің ішіндегі **а** әрпі мен **о** әрпінің де орындары ауысып кеткен, дұрысы – *Cossack*. Есенберлиннің пайымдауы бойынша казактар қазақтың «тәуелсіздік, бостандық сүйгіш» атын

тандап, өздеріне таңып алғанымен, екі этноним — екі басқа жаратылыс, сондықтан бұл да — өрескел қатеге саналатын мысалдардың бірі.

Сонымен, аударма онимдерінің ағылшын тіліндегі транслитерациясында орын алған көпнұсқалықтың жеті себебі анықталды. Оның алғашқы бесеуін лингвистикалық, соңғы үшеуін экстралингвистикалық себептер деп таптық.

Мұның барлығына жоғарыда айтып өткеніміздей, өткен уақыт қойнауында қалған өз кезеңінің «жемісі» ретінде ғана баға беріп, бүгінгі күннің биік талаптарына орай аударма, картография, библиография, т.б. практикалық қолданыста әр халықтың ономастикалық атауларын тиісті талаптарға сай жазып, дыбыстауға өзімізге де, өзге де талап қою — басты міндетіміз. Зерттеу нәтижелеріне ден қойсақ, соңғы уақытта қазақ атауларын ағылшын тілінде графикалау барысында батыстық және отандық тәжірибелерде транслитерацияның кейбір элементтері араласқан практикалық транскрипцияның жұмсалуды көбірек орын алып келеді. Ал біркелкілік, жүйелілік орнатып, үдерісті қолданыста қалыптандыру, ономастикалық атауларды (тек ағылшын ↔ қазақ емес) тілден тілге өткізудің транслитерациясы ережелеріпін жасап, қабылдау арқылы ғана іске асады.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Есенберлин И.* Кочевники. Алматы: Фонд имени Ильяс Есенберлина, 1998. 533 с.
2. *Yesenberlin Ilyas.* The Nomads. Алматы: The Ilyas Yesenberlin Foundation, 2000. 559 p.
3. *Есенберлин. I.* Көшпенділер. Алматы: Лияс Есенберлин атындағы қор, 1998. 581 б.
4. Лингвистический энциклопедический словарь // Гл. ред. Ярцева В.Н., М.: Науч. изд-во Большая Российская Энциклопедия, 2002. 709 с.
5. *Суперанская А.В.* Теоретические основы практической транскрипции. М.: Наука, 1978. 283 с.
6. *Прошина З. Г.* “Английский язык как посредник в коммуникации народов Восточной Азии и России” (проблема опосредованного перевода). Дисс. на соискание ученой степени д.ф.н. Владивосток, 2002. С. 62-427.
7. *Рсалиева Н.М.* «Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасы қандай? // Қазақ әдебиеті. 2005. №32. 12-13-бб.
8. *Мақсұтқызы Н.* (Рсалиева). Қазақ ономастикасы атауларын ағылшын тілінде беруге жүйе керек // Ана тілі. 2004. №49. 8-9-бб.
9. *Рсалиева Н.М.* Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялаудағы жүйесіздік // Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері. Алматы: Дайк-пресс, 2004. 268-276-бб.
10. *Рсалиева Н.М.* Қазақ ұлтына жасалған қастандық // Жалын. 2006. №1. 11-29-бб.